

**"Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының міндетін атқарушысының 2015 жылғы 24 шілдедегі № 190 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының м.а. 2016 жылғы 24 қарашадағы № 265 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 желтоқсанда № 14548 болып тіркелді.

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. "Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының міндетін атқарушысының 2015 жылғы 24 шілдедегі №190 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11939 болып тіркелген, 2015 жылғы 14 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:  
мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес жануарлар дүниесі объектілерін пайдалануға шектеу мен тыйым салынсын.";

бұйрықтың орыс тіліндегі 3-тармақтарына өзгерістер енгізіледі, қазақ тілінде мәтіні өзгерілмейді;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 1-қосымшадағы "Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салу" :

25-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

" 2 5 . М ы н а :

- 1) өсімін молайту кәсіпорындарын (мемлекеттік тапсырысты орындау шеңберінде);
- 2) ғылыми зерттеу үшін аулауды жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарын;
- 3) бекіре тұқымдас балық түрлерін аулауға квотасы болған жағдайда мемлекеттік монополия субъектісін қоспағанда, жеке және заңды тұлғаларға бекіре тұқымдас балық түрлерін аулауға, бекіре тұқымдас балықтарды және оның дериваттарын (уылдырығын) пайдалануға тыйым салу енгізілсін.";

осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын.

2. Жануарлар дүниесі және аңшылық шаруашылығы басқармасы заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеу күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің қазақ және орыс тілдеріндегі бір данасын баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі  
Орман шаруашылығы және  
жануарлар дүниесі комитеті  
төрағасының міндетін атқарушы*

*Қ. Үстеміров*

*Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрлігі Орман  
шаруашылығы және жануарлар  
дүниесі комитеті төрағасының  
міндетін атқарушының  
2016 жылғы 24 қарашадағы  
№ 265 бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман  
шаруашылығы және жануарлар  
дүниесі комитеті төрағасының  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 24 шілдедегі  
№ 190 бұйрығына  
3-қосымша*

## **Жануарлар дүниесі объектілерін пайдалануға шектеу мен тыйым салу**

1. Осы жануарлар дүниесі объектілерін пайдалануға шектеу мен тыйым салу (бұдан әрі – шектеу мен тыйым салу) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі 310 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 378) тармақшасына сәйкес және жануарлар дүниесін сақтап қалу және өсімін молайту мақсатында әзірленді.

2. Шектеу мен тыйым салу жануарларды ғылыми мақсаттарда пайдалануға қолданылмайды.

3. 16 ақпаннан бастап 14 маусымға дейінгі мерзімге аң аулауға тыйым салынсын.

4. Кәсіпшілік аңшылықты қоспағанда, құстар мен терісі бағалы аңдардың әр түріне тәуліктік алып қою мөлшерін бір аңшыға бес дараққа дейін шектеу қойылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК